

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан
Жазушылары одағы
басқармасының газеті

№ 35 (139).



ЖҰМА, 30 АВГУСТ, 1957 жыл.



Бағасы 40 тиын.

Қазақстан Компартиясы Орталық
Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінде

**Совет Одағының халық артисі Күләш Байсейітованың
есімін мәңгі есте қалдыру туралы**

Күләш Байсейітованың қазақ көркемөнерін өркендету ісіне сіңірген көп еңбегін ескеріп және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етті:

1. Алматы қалалық Советінің атқару комитеті мен Қазақ ССР Мә-

дениет министрлігіне К. Байсейітованың қабырының басына мәрмәрдан құлпытас орнату және Абай атындағы опера және балет театры ішіне К. Байсейітованың бюстің қою тапсырылсын.

2. Алматы қаласындағы онжылдық музыка мектебі Күләш Байсейітованың есімімен аталатын болсын.